Бекітемін:
«Керемет»бастауыш мектеп-
балабақша кешенінің меңгерушісі:
Суйкимбаева.А.А ______

«Көгершін» мектепалды даярлық тобының 2022-2023 оқу

жылына арналған циклограммасы

Тәрбиеші:Артикова.Г.Т

**Бекітемін**
"Керемет"бастауыш мектеп-
балабақша кешенінің меңгерушісі
А.А.Суйкимбаева ____________

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ МЕКТЕПАЛДЫ ТОПТАР

| *Апта күндері* | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| *Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Сауат ашу негіздері | Сауат ашу негіздері | Математика негіздері | Математика негіздері | Сауат ашу негіздері |
| | Қазақ тілі | Математика негіздері | Қазақ тілі | Сөйлеуді дамыту | Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) |
| | Дене шынықтыру | Музыка | Дене шынықтыру | Музыка | Дене шынықтыру |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Сөйлеуді дамыту | Көркем әдебиет | Қоршаған ортамен таныстыру | Көркем әдебиет |

# 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ

## МЕКТЕПАЛДЫ ТОП

| *Апта күндері* | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет*** | Сауат ашу | Музыка | Дене шынықтыру | Сауат ашу | Дене шынықтыру |
| | Дене шынықтыру | | | Музыка | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | „Керемет" бастауыш мектеп-балабақша кешенінің №6 „Көгершін" мектепалды даярлық тобы. | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5-6 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-9.00 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Әңгімелесу: "Балабаақшаның ережелері" , "Баланың тазалығы". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Еңбек: аланды қоқыстан тазарту.** Мақсаты: аланда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | | **Еңбек: аланды қоқыстан тазарту.** Мақсаты: аланда тәртіп пен тазалық сақтау. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсаты. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсаты. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. |
| | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: кеңістікті бағдарлау жаттығулары | | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсаты: балалардың танымдық | **Үстел үсті ойыны.** "Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды | **Құрастыру ойыны "Текшелер".** Балалар текшелерден балабақшаны құрастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".**<br>Мақсаты: ойынның шарты бойынша әділ ойнап, шапшандықты, жылдамдықты, тапқырлықты танытуға баулу.<br>Барысы.<br>Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышканды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.<br>Мысықай аппақ карасақ,<br>Құйрығы сұр тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады.<br>Көзін жаймен | | қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.<br>**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**<br>Мақсаты: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған | топтастыруға үйрету.<br>Байқампаздыққа баулу.<br>Кімге не керек?<br>Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша қызметкерлерінің еңбегі"<br>Мақсаты: балалардың балабақшада қызмет жасайтын әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынастарды түсе білу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".<br>Мақсаты: балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауда жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.<br>Шарты.<br>Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.<br>Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді.<br>Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысады.<br>Тырнақтарын<br>үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың<br>тықырын,<br>Мысықай естісе<br>ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің<br>жарады.<br>«Аңдып, аулап<br>алады» деген<br>сөздерден кейін<br>балалар тоқтайды,<br>шеңбердің<br>уәделескен жерінде<br>екі бала қолын<br>түсіріп, есіктен<br>өтетін жер<br>қалдырады, Тышқан<br>мысықтан қашып,<br>есікке қарай жүгіреді<br>де, шеңбер жасап<br>тұрғандардың<br>қолының астынан<br>өтуі мүмкін. Мысық | | балалар сыртымен<br>ақырын жүріп, бір<br>баланың артына<br>тақияны білдірмей<br>тастап кетеді.<br>Тәрбиеші белгісінен<br>кейін балалар<br>көздерін ашады Жан<br>жағына жылдам<br>қарап, тақияны<br>өзінде екенін білсе,<br>сезсе жылдам<br>орнынан тұруы<br>керек. Егер орнынан<br>дер кезінде тұра<br>алмаса онда өз өнерін<br>көрсетеді: тақпақ,<br>өлең, би және т.б.<br>Және де орнынан тез<br>тұрып үлгірген<br>балаға ұлттық ою<br>өрнек бейнесі<br>беріледі. Көп ою<br>жинаған бала<br>жеңімпаз.<br>Ойын ережесі: Ойын<br>кезінде ойын | Дидактикалық ойын:<br>"Кімге не қажет?". | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тышканды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.<br>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын | | ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы!<br>- «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - орамалмен айналып билеу;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру;<br>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю;<br>2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.<br>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру;<br>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап;<br>2 - жұптасып айналу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу. | | | | |
| **Таңғы ас**<br>9.00-9.20 | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ас - адамның арқауы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>9.20-9.30 | Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау | | "Жәндіктер" тақырыбына иллюстрациялар қарау. | «Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді | Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарастыру. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>9.30-11.25 | ***Жазғы ойын-сауықтар*** | | ***Жазғы ойын-сауықтар*** | **Сауат ашу негізі.**<br>"Дыбыс және әріп"<br>Мақсаты: оқушыларды сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуға үйрету. Сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін дамыту.<br>Фонематикалық есту қабілетін жетілдіру мақсатында ойнатылатын ойын: "Бағдаршам".<br>(Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.)<br><br>**Музыка.**<br>"Білімің - бұлағың"<br>Мақсаты: балаларды күйді тыңдай | **Дене шынықтыру**<br>"Тақтайшаның үстімен адымдап жүру"<br>Мақсаты: балаларды тақтайшаның үстімен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруге үйрету.<br>"Киік" қимылды ойыны.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)"<br>Мақсаты: балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқып- үйретіп, сөздердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | отырып, сипатын ажырата білуге үйрету.<br>"Сылдырмақ" музыкалық-дидактикалық ойын.<br><br>**Қоршаған ортадан ойын-жаттығулар.**<br>"Күз келді, бақшама!"<br>Мақсаты: балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата". | мағыналарын түсіндіру.<br>Дидактикалық ойын: "Ғажайып қоржын".<br><br>**Вариативті компонент - Ағылшын тілі**<br>"How are you?"<br>Мақсаты: "How are you?, I am fine, I am good, I am great, I am sad, Thank you!" лексикалық бірліктерін беру.<br>Mnemonica "Cat". |
| **Серуенге дайындық 11.35-11.40** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен**<br>11.40-12.10 | **Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:** күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркем сөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.**<br>Мақсаты: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>**"Қарақұс пен** | | **Құмырсқаны бақылау**<br>Мақсаты: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қатар - қатар қара нар,<br>Аспанменен бара бар,<br>Алды биік, арты жар.<br>/Құмырсқа/.<br>**Көркем сөз**<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр боп, | **Күнді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар күн | **Аспанды бақылау.**<br>Мақсаты: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" | | Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али)<br>**Еңбек:** алаңдағы жерді қопсыту<br>Мақсаты: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындауды үйрету.<br>**Қимылды ойын «Қақпан», «Аттар».**<br>Мақсаты: жылдамдық пен | дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы.**<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсен, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен | | төзімділікті дамыту. **Жеке жұмыс:** баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Мақсаты: **төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.** | | бұлыңғыр найзағай ойнайды). **"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны.** Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. **Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).** Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. **Балалардың еркін** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Болжам.** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын: "Қу түлкі".**<br>**Мақсаты:** жүгіру қабілетін дамыту. | | | | **ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. |
| **Серуеннен оралу 12.10-12.20** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** 12.20-12.50 | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы 12.50-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу,** | Ауа ванналары. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары**<br>15.00-15.15 | Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық.<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. | | | | |
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br><br>16.00-17.00 | **"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, | | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу<br>Ойын барысы.<br>Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам | **Математика негізінен ойын-жаттығулар.**<br>"Мен және менің достарым"<br>Мақсаты: балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру.<br>Логикалық жаттығу: "Саны қанша екенін | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.**<br>"Гүл бағымызда өскен аққекірелер"<br>Мақсаты: балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы аққекірелердің қарапайым сұлбастарын салуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.<br>**"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. | | қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. «Адам қандай заттарды жасаған?» - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?». Ойын | санап айт".<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығулар.**<br>"Көмекшіміз"<br>Мақсаты: балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру әдістерін пайдалана отырып мәнті жасауға үйрету.<br><br>**Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br>"Аквариумдағы балықтар"<br>Мақсаты: балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім | Саусақ жаттығуы: "Қолдармен суретті көрсетейік".<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.**<br>"Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу"<br>Мақсаты: "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>**Дидактикалық ойын "Не жасырынғанын айт".**<br>Мақсаты: балалардың ойлау, елестету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаңдыққа баулу. | жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау. Дидактикалық ойын: "Балық аулау".<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсаты: балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Дорба, әртүрлі ойыншықтар және заттар.<br>Шарты.<br>Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; | байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Шарты.<br>Алғашында педагог, содан соң балалар жүргізушінің рөлін кезектесіп атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды.<br>Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы беріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".<br>Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын | жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар".<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша". Мақсаты: балалардың балабақша және бұнда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Шарты.<br>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.<br>Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды.<br>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. | **тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар.<br>Шарты.<br>Балалар алдымен өз еріктері бойынша балабақша қызметкерлерін тағайындайды.<br>Мамандардың рөлінде ойнайтын балалар өздеріне қажет құралдарды таңдап, белгілі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. | **бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандарды ойнайтындар кім, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады.** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>17.10-17.30 | **Жаңылтпаш**<br>Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатқа тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ. | | **Шығармашылық уақыты:** "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру".<br>Масқаты: балалардың түрлі | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты. Баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру. | толықтыру.<br><br>**Қазақ тілінен ойын-жаттығу.**<br>Мақсаты: тәрбиеленушілерді амандасу, қоштасу кезінде қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру.<br>"Ойыншықтар" тіл дамыту ойыны. | жаңа сөздермен толықтыру. |
| **Серуенге дайындық 17.30-17.50** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті 17.50-18.00** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Сюжетті-рөлдік ойындар.<br>Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры.<br>Арт-терапиялық суреттер бояу.<br>**Шығармашылық уақыты: "Қала көшесі".** | | | | |

| | |
|---|---|
| басқа әрекеттер) | Мақсаты: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Менің үйім осындай"<br>Мақсаты: балаларды қағаз бетіне геометриялық пішіндерден үйдің дайындамаларын орналастыру және желімдеуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Үйді құрастыр". |
| **Балалардың үйге қайтуы**<br>**18.00-18.30** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес."Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | „Керемет" бастауыш мектеп - балабақша кешенінің №6 „Көгершін" мектепалды даярлық тобы. | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5-6 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09-09.09.2022** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-9.00 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың күн режимі туралы әңгімелесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсаты. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсаты. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | **"Орындықтарды жуу".** Мақсаты. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсаты. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсаты. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | **Үстел үсті ойыны.** | **Санамақ.** | **Үстел үсті ойыны.** | **Фотосуреттерді** | **Құрылыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Бұл үйде кімдер тұрады?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау.<br>Шарты.<br>Тәрбиеші үй терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. | Бір дегенім - бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі деген - елім,<br>Дала, туым, көлім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт,<br>Төрт дегенім - төзім,<br>Төзе білем - өзім,<br>Бес дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Анашымның тосабы"<br>Мақсаты: балаларды тосапқа арналған ыдыс трафаретін түрлі-түсті және қатырма қағаз бетіне қарындашпен бастырып, нобайы бойымен кесіп алуға, екеуін бір-біріне желіммен жапсыруға, алмалар және алмұрт трафаретін түрлі- | "Лото".<br>Мақсаты.<br>Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br>Әрбір бала ортақ атаумен біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Отбасы және туыстарым"<br>Мақсаты: балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық жайында ұғымдар беру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауға үйрету. | **қарастыру «Менің отбасым».**<br>Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша - біздің үйіміз"<br>Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары: кірпіш және призмаларды пайдаланып балабақшаны құрастыруға үйрету. | **ойындары «Үй құрастырамыз».**<br>Мақсаты.<br>Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады.<br>Ойын атрибуттары.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Отбасында біз бесеуміз"<br>Мақсаты: балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түсті қағазға бастырып, тең ортасына бүктеп, бір-бірінің үстіне жапсыруға, дайын жемістерді тосапқа арналған ыдыстың бетіне жапсыруға үйрету.<br>Жұмбақтар шешу. | Сөздік жаттығу: "Еркелету есімдері". | | мәдениетін дамыту.<br>Қимылды ойын: "Тату-тәтті отбасы". |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы!<br>- «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - орамалмен айналып билеу;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру;<br>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қанталға жаю;<br>2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.<br>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру;<br>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап;<br>2 - жұптасып айналу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу. | | | | |
| **Таңғы ас**<br>9.00-9.20 | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Арпа, бидай ас екен,<br>Алтын, күміс тас екен. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**9.20-9.30** | «Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. | Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. | "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. | "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>9.30-11.25 | **Сауат ашу негіздері**<br>"Буынға бөлейік"<br>Мақсаты: балаларға сөз, буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Затты сипатта".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Допты тез лақтырамыз"<br>Мақсаты: балаларда сапта бір қатармен тұру, жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруға үйрету.<br>"Баскетбол" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Оқу - білім азығы"<br>Мақсаты: балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету.<br>"Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"М. Төрежанов «Қамқорлық»"<br>Мақсаты: қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауға, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айта білуге дағдыландыру.<br>Мақал-мәтелдер. | **Дене шынықтыру**<br>"Паровоз алдыға басып барады"<br>Мақсаты: балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуге үйрету.<br>"Орнымызға тез жылдам!" қимылды ойыны.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Мысық"<br>Мақсаты: балалардың қарындашпен үй жануарлары мысықтың суретін салу техникасын жетілдіру; мысықтың артқы аяқтарға басылып отырған | **Сауат ашу негіздері**<br>"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".<br>Мақсаты: сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.<br>Саусақ жаттығуы: "Өрмелеген өрмекші".<br><br>**Музыка**<br>"Сағындым, әже, сағындым"<br>Мақсаты: балаларды нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, | **Дене шынықтыру**<br>"Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру"<br>Мақсаты: балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; төрт тағандап жүріп, допты баспен итеруге үйрету.<br>"Допты домалатып тез лақтыр" ойыны.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Ағасы бардың жағасы бар"<br>Мақсаты: балаларды түрлі-түсті ермексаздарды есу, домалақтау, жалпайту әдісін колдана отырып, адамның мүсінін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мысықтың дене бөлшектерін үйлесімділікте орналастыруға үйрету.<br>Ойын-жаттығу: "Бірдей мысықтың көлеңкесін тап". | мағынасын түсініп, сипатын ажырата білуге үйрету.<br>"До – ре – ми" музыкалық-дидактикалық ойын. | жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түрлі пішіндерді алақандарымен жасауды дамыту. |
| **Серуенге дайындық 11.35-11.40** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен**<br>11.40-12.10 | **Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Көкөністерге салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; көкөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау.<br>Зерттеу.<br>Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау | **Күзгі орманды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажырата білуге ү йрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен** | **Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көкөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек.**<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: қызылшаны жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеуге | **Қайың ағашын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністерді жинау.**<br>Мақсаты. Ұжымдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **материалдармен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.**<br>Мақсаты.<br>Қимылдарды үйлестіруді дамыту. | аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан, діңдерден секіруге машықтандыру. | | салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу 12.10-12.20** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** 12.20-12.50 | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы 12.50-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.00-15.15** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (түсі, мөлшері).<br>Топқа отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау.**<br>Мақсаты.<br>Көкөністерді қазуды үйрету; топта жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Көкөністерді ата".<br>Мақсаты.<br>Көкөністердің аттарын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын** | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жапырақтарды ажырата білуге ү йрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Секірейік".<br>Мақсаты.<br>Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты.<br>Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты | **Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Қияр, қияр".**<br>Мақсаты.<br>Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Құстар мен мысық", "Қарғалар" (мөлшері 2-3рет).**<br>Мақсаты.<br>Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды | жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Қояндар мен қасқыр".<br>Мақсаты.<br>Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br><br>16.00-17.00 | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Отбасымда мен нешіншімін?"<br>Мақсаты: балаларға ретті сан туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру.<br>Логикалық жаттығу: "Отбасы мүшелерінің бойлары бойынша қатарды құрастыр".<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Тергеушілер".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты. | **Қазақ тілінен ойын-жаттығу.**<br>**"Балабақшамен танысу.**<br>**Ойыншықтар әлемі".**<br>Мақсаты: тәрбиеленушілерді амандасу, қоштасу кезінде қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру.<br>Рөлдік ойын негізінде қарапайым диалогтерге арналған ауызша жаттығу.<br>"Кел, ауысайық"<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Сөздер тізбегі".<br>Мақсаты.<br>Балалардың сөздік қорын байыту, ой | **Вариативті компонент - Ағылшын тілі**<br>"How are you?"<br>Мақсаты: "How are you?, I am fine, I am good, I am great, I am sad, Thank you!" лексикалық бірліктерін беру.<br>Mnemonica "Cat".<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>**"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын | **Вариативті компонент. Жас зерттеуші**<br>"Үй жануарларының төлдері (күшік)"<br>Мақсаты: балаларды үй жануарларының бірі күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасай білуге дағдыландыру.<br>Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны.<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Сынық телефон".<br>Мақсаты.<br>Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Қазақ тілінен ойын-жаттығу.**<br>"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем)<br>Отбасы мүшелері.<br>Мақсаты: өзінің аты, жөні, тегін, отбасы мүшелерінің аттарын атай білу қабілетін жетілдіру.<br>Сюжеттік-рөлдік ойын: "Біздің отбасымыз".<br><br>**Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".**<br>Мақсаты. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуда жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсаты.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік | шапшандығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады.<br>Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы". | дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нусқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.** | Шарты.<br>Балалар бір тізбекке отырады.<br>Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады.<br>Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып | тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Педагог алғаншында жаттығуды санау арқылы өткізеді.<br>Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады.<br>Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе тақпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады.<br><br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсаты.<br>Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын ала күн тәртібіндегі | Мақсаты.<br>Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі карым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала | "Дәріхана".<br>Мақсаты.<br>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішіндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар | жариялайды.<br>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Сұлулық салоны".<br>Мақсаты.<br>Балалардың сұлулық | эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай оқиғаны сомдау қажет екендігін анықтап жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. | жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар өзара дәріханашы мен профизор рөлдеріне қатысуды білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды тұтынушылар дәріханаға келіп, бастайтынын айтады. Алғашында педагог | салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және нақпішіндері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін | баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. | диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. | карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады. Дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.<br>Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетіндегі суретті көрсету арқылы айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. | |
| **Балалармен жеке жұмыс 17.10-17.30** | **"Менің отбасым", отбасы тақырыбында** | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсаты. | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар** | **Санамақтар айтқызу.** Екі көз бен қос құлақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **мақал-мәтелдер айтқызу.**<br>Мақсаты.<br>Балалардың тілдерін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. | **айтқызу.**<br>Мақсаты.<br>Балалардың тілдерін дамыту.<br>Мысалы:<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортаң терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз. | Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. | **айтқызу.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым -а там,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортаң терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде-бесеуміз. | Бір бас пенен бір мұрын<br>Нешеу болды қос шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің.<br>Нешеу болды, қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды<br>Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ - балапанын.<br>(М. Қуанышбеков) |
| **Серуенге дайындық 17.30-17.50** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар, ауа райын бақылаулар. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** 17.50-18.00 | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30** (ата-аналарға кеңес) | «Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу .«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | „Керемет" бастауыш мектеп - балабақша кешенінің №6 „Көгершін" мектепалды даярлық тобы. | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5-6 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09-16.09.2022** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау 8.00-9.00** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызыуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".**<br>Мақсаты.<br>Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру.<br>Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".**<br>Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".**<br>Мақсаты.<br>Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | **"Кітап бұрышындағы еңбек".**<br>(кітаптарды қалпына келтіру)<br>Мақсаты.<br>Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану).<br>Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге. тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. |
| | **Құрылыс ойындары.**<br>«Иттің үйшігі».<br>Мақсаты.<br>Балалардың қиялын, | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Лото".<br>Мақсаты.<br>Балалардың зейінін дамыту. Заттарды | **Үстел үсті ойыны.**<br>«Ойық ішіндегі заттарды орналастыру».<br>Мақсаты. | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Лото".<br>"Үй жануарлары".<br>Мақсаты.<br>Балалардың зейінін | **Санамақ.**<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру. | табиғаттағы ауа-райына қатысты халық болжамдарымен таныстыру.<br>Логикалық жаттығу "Жыл мезгілдерін ретімен салып шық". | | жатыттықтыру.<br>Жаттау жаттығуы: "Қазақ халқының тәулік бөліктері". | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтын арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтын арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтын арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - он аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтын арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. | | | | |
| **Таңғы ас 9.00-9.20** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Екі қол.<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зейінін, жануарға сүйіспеншілігін дамыту.<br>Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі"<br>Мақсаты: балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру. | топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br>Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Ауа райын болжаймыз"<br>Мақсаты: балаларға табиғаттағы ауа-райы жағдайын (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; | Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі."<br>Мақсаты: ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Ол қандай?". | дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br>Карточкаларды түсіне қарай іріктеу.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)"<br>Мақсаты: балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге | Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық ...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық!<br>(Қадыр Мырза Әли) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сурет бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Сөздерді орнына келтір".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Спорт-көркі өмірдің".<br>Мақсаты: балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту.<br>"Бос орын" қимылды ойыны. | мағынасын түсініп, сипатын ажырата білуге үйрету.<br>"Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Қоян сәбізді жақсы көреді"<br>Мақсаты: балаларды мақта табақшаларын қайшынын көмегімен тең ортасынан екі бөлікке кесіп, кесілген бөліктерден қоянды жазық қағаз бетіне жапсыруды үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Жасырынып тұрған қояндарды тап". | баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру.<br>"Ақ қоян" қимылды ойыны.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Құстар қалай қайтады?"<br>Мақсаты: балалардың құстар туралы білімдерін кеңейте отырып, торғайдың жылы жаққа ұшып кететіні туралы мәлімет беру. | түсінік беру.<br>Дидактикалық ойын: "Сөз ойла, тез ойла".<br><br>**Музыка**<br>"Бақа, бақа, бақ-бақ"<br>Мақсаты: балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.<br>Дидактикалық ойын: "Күннің көзі және бұлт". | жұптасып бір қатармен жүгіруге; қос қолмен қағып алуға (4-5 рет) үйрету.<br>"Допты бер де тұр" қимылды ойыны.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Жаңбырлы күн"<br>Мақсаты: балаларды дымқыл қағаз бетінде бояуларды араластыру техникасына үйретуді жалғастыру; сұр, көк, күлгін түстердің реңктерін талғаммен қолданып, қылқаламмен жаңбырлы күн құбылысын салу техникасын игерту.<br>Сөздік жаттығу: "Жаңа сөзді құрастырайық". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашып, қуанады)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұрып, екі алақанды, үйкейміз солға бұрып үйкейміз)<br>М. Жаманбалиев | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.20-9.30** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу. | "Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге б аулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу. | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау. | "Жәндікті ата" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-11.25** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Сөйлеммен танысайық"<br>Мақсаты: балалардың білім-білік дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлем, | **Музыка**<br>"Менің әжем ең жақсы адам"<br>Мақсаты: балаларды нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, | **Дене шынықтыру**<br>"Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру"<br>Мақсаты: балаларды қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүруге үйрету; | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыспен танысайық"<br>Мақсаты: балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы | **Дене шынықтыру**<br>"Допты еденнен ыршытып жоғары лақтыру"<br>Мақсаты: Балаларды тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүруге; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікті, зейінділікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері.** Бір аяқпен орнында секіру. Мақсаты. Шапшаңдықты дамыту. | жұмыс істеу қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Түрлі-түсті көліктер". Мақсаты. Физикалық белсенділікті заттарды пайдаланып (рульдермен), ойын арқылы дамытуды жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері.** Орыннан екі аяқпен секіру. Мақсаты. Шапшаңдықты дамыту. | **ойындары.** "Аттар". Мақсаты. Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарыса ойнауға үйрету, ұлттық дәстүрді тәрбиелеу. Барысы. Балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 11.35-11.40** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен 11.40-12.10** | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Торғай туралы білімді бекіту және бақылауды жалғастыру; сөздік қорларын торғай туралы көркем сөзбен байыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы сыпыру.**<br>Мақсаты.<br>Еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Ұядағы құс".<br>Мақсаты. | **Қайыңды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Қайыңға тән белгілерді бақылауды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсаты.<br>Түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Түстерді тап".<br>Мақсаты.<br>Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға** | **Жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақшадағы қоқыстарды жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеу дағдыларын бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Үйінді тап".<br>Мақсаты. | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуге үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге деген ұмтылысын қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге жинау жолдары.**<br>Мақсаты.<br>Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта | **Жерде жатқан жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмысты бірлікте орындауға деген ұмтылысты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** 16.00-17.00 (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Саяхатшы балалар" Мақсаты: балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғатта тәртіп ережелерімен таныстыру. Дамытушы ойын: "Қайда барсаң, соңы табасың".<br><br>**Дидактикалық ойын.** "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсаты. Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін | **Вариативті компонент - Ағылшын тілі** "Saying goodbye. Letter Bb" Мақсаты: "Goodbye!, bear, bee" лексикалық бірліктерін беру. Қарым – қатынас дағдыларымен білімін қалыптастыру. Didactical game "Show me".<br><br>**Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".** Мақсаты. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшандығын, елестету, зейін | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші** "Жер әлемі" Мақсаты: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; ауа мен судың ластану себептерін, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру. Дидактикалық ойын: "Жер, су, ауа".<br><br>**Дамытушы ойын.** "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсаты. | **Қазақ тілінен ойын-жаттығу. "Отбасы мүшелері".** Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру. Ауызша жаттығу "Туыстар".<br><br>**Дидактикалық ойын.** "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи | **Қазақ тілінен ойын-жаттығу.** "Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері". Балалардың күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту, күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру. Ауызша тәжірибелік жаттығу: "Қай уақытта орындаймыз?".<br><br>**Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да түсін ата".** Мақсаты. Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сол топ жеңіске жетеді.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу 12.10-12.20** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас 12.20-12.50** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы 12.50-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.00-15.15** | Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Алдымен педагог аспазхананың | өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, су асты жануарын атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Ветеринарлық емхана".** Мақсаты. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан- | жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Зообақ". Мақсаты. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген | керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Табиғи қорық". Мақсаты. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын | гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсаты.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: | қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: доп.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).<br>Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқаруы мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін.<br>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!" не "Су!", не "Аспан!", не "Жер!" деп, допты қолға лақтырады.<br>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді.<br>Мысалы, "от" - өзін- | Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, | дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу | (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атай білуде жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.<br>Құралдар. Доп.<br>Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады).<br>Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Цирк".<br>Мақсаты.<br>Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданады. Педагог адамдардың келмей тұрып (балалар орындарында отырып), қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде, балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға тағамдарды әкеліп, соңында "төлемді" жасайды. Балаларға "даяшы" , "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді | жайында әңгімелесу керек. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік | герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. | табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардын табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды | шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау қызметі және оның маңызы туралы балалармен әңгімелеседі. Суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында | жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға кажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана | аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), | нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде | қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындаудағы негізгі міндеті. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 17.10-17.30** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. | Тақпақ айтқызу "Күзде" (Ескен Елубаев)<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз! | "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. | Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. |
| **Серуенге дайындық** 17.30-17.50 | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жанды және жансыз табиғат" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану - адамның қоғамдық жердегі ережелерді | ережелерінің сақталуын. ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. | Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту. | өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек. | тынымсыз еңбегінің арқасында болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17.50-18.00 | машықтандыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Сюжетті-рөлдік ойындар.<br>Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры.<br>Арт-терапиялық суреттер бояу.<br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсаты. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30** | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың | Ата-аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. | «Менің достарым» атты тақырыпта әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (ата-аналарға кеңес) | | арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | әңгімелесу. | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | „Керемет" бастауыш мектеп-балабақша кешенінің №6 „Көгершін" мектепалды даярлық тобы. | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5-6 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09-23.09.2022** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі 8.00-9.00** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; балаларға жағымды орта туғызу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсаты. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсаты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Мақсаты. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. | **пистолеттен сумен бүрку".** Мақсаты. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. | Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Балаларға айтылатын нұсқаулар. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. | **тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсаты. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. | Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу. |
| | **Үстел үсті ойыны.** "Жалпы атауын бер". Мақсаты. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды | **Саусақ жаттығуы.** Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, | **Дидактикалық ойын.** «Домино». Мақсаты. «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. | **Дидактикалық ойын.** «Суретті құрастыр». Мақсаты. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті | **Дамытушы ойын.** "Мен өзіммен бірге жолға аламын". Мақсаты. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың киімдері) | (бас бармақ пен сұқ саусақты косамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) М. Әлімбаев | Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататкызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. | құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлімдері 7×8 см карточкалар). | мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер. Сипаттама. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**9.00-9.20** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Таңғы асты тастама. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.20-9.30** | ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу. | ҚР Елбасы мен президенті туралы әңгімелесу. | Туған тіл туралы мақал-мәтелдер жаттау. | Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу. | "Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-11.25** | **Сауат ашу негіздері** "Дауысты дыбыстар " Мақсаты: дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Дидактикалық ойыны: "Қуыршақтардың есімі".<br><br>**Дене шынықтыру** "Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту" Мақсаты: балаларды баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру; жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өтуге | **Музыка** "Табиғат көрінісі" Мақсаты: балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. "Қатты, ақырын" музыкалық-дидактикалық ойын. | **Дене шынықтыру** "Кел, күш сынасайық" Мақсаты: балаларды заттарды аттап өту; бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуға үйрету. "Қолмен допты домалату" қимылды ойыны. | **Сауат ашу негіздері** "Дауысты дыбыспен танысайық" Мақсаты: балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру. Дидактикалық ойын: "Сөз ойла, тез ойла".<br><br>**Музыка** "Ана тілім" Мақсаты: балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: "Көңілді ноталар". | **Дене шынықтыру** "Гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеу" Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеуге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру. "Көмектес!" қимылды ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>"Көтеріп кет" қимылды ойыны. | | | | |
| **Серуенге дайындық 11.35-11.40** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен 11.40-12.10** | **Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: күзгі жапырақтарды жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Қаз-аққулар", | **Ауа райының жағдайын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Табиғи құбылыс - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қоқыстарды жинау.**<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге деген | **Қайыңды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты тазарту.**<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы | **Жыл құстарын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тұқымдарын жинау.**<br>Мақсаты.<br>Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс** | **Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жүйекшелерді үгінділермен толтыру.**<br>Мақсаты.<br>Жұппен жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Қай жерде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Ұстап ал".<br>Мақсаты.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет".**<br>Мақсаты.<br>Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Кім жылдам", "Батпырауық және тауық".<br>Мақсаты.<br>Жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Қайыңға қарай жүгір".<br>Мақсаты.<br>Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Өзенді кесіп өт".**<br>Мақсаты.<br>Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары. | **ойындары.**<br>"Ит пен торғай".<br>Мақсаты: торғай мен итке тән қимылдары туралы білімді бекіту; олардың дауыстарына еліктеуге үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты: допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | жасырылғанын тап".<br>Мақсаты.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты.<br>Жүру және жүгіру техникасын жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **12.10-12.20** | | | | | |
| **Түскі ас 12.20-12.50** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы 12.50-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.00-15.15** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай, көрпелерін жамылып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады)<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас 15.30-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br><br>16.00-17.00 | **Құрастырудан ойын-жаттығу.** "Қаңқыз" Мақсаты: балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолданып қаңқыз үлгісін жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Жәндіктерді құрастыр".<br><br>**Дамытушы** | **Логикалық ойын.** "Келешекте неге айналады?" Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, | **Дидактикалық ойын.** "Сөздер тізбегі". Мақсаты. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы | **Дамытушы жаттығу.** "Не өзгерді?" Мақсаты. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. | **Дидактикалық ойын.** "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығу.**<br>"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Суреттер жұптары (екінші суретте, бірінші суретке қарағанда көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруге ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда, не өзгергенін айтады, | ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін.<br>Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беру мүмкін.<br>Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек.<br>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіру мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не | сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсаты.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік | Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге дейін жеткізуге болады.<br>Ойыншықтар сапта тұрған кезде, балалар олардың реттік санын айтуы мүмкін.<br>Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың қатардағы тұрғанын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың қай орынға ауысқанын айтады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы".<br>Мақсаты. | білу, есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды арттыру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі табиғи құбылыстар салынған сурет-карточкалар.<br>Шарты.<br>Балалар табиғат құбылыстарын шартты белгілі суреттерге қосып, логикалық жұптарды құрастыру керек.<br>Логикалық жұптар тізбектері мына сияқты болуы мүмкін: тамшы - жаңбыр; тамшы - мұздардың шатырдан тамшылағаны; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылықтарын табады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсаты. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), | болады?"<br>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Пошта".<br>Мақсаты. Балаларға поштаның қандай жер екендігін түсіндіру, бұл жерде | сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық, саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар өзара отбасы мүшелері рөлдерін бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет | Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар | тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - жапырақ - бұта; жапырақ - гүл; т.б..<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Театр".<br>Мақсаты. Балалармен бірге театр орнының не екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын, ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарықты беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын ала жұмыста аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тамақтандыру қызметінің маңызы туралы әңгімелеседі.<br>Алдымен атқарылатын жұмыстарда суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы | қандай мамандар қызмет ететіні туралы жалпы мағлұматтарды бекіту; ойын кезінде ауыспалы заттарды (хат, тапсырыс хат, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топтастармен бірлесіп, ойын желісіне қосылып, өз орнын табуға ынталандыру; ойлау, ой-қиял, қарым-қатынастық қабілеттерді дамыту; заттармен және заттарсыз әрекеттену біліктерін дамытуды; еңбекті құрметтеуге, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>"Пошта" жазуы, арнайы бөлінген орындар; каптау | екендігін анықтап жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады.<br>Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.<br>Педагог диалогтарда | қалыптастыру; мәдени мекемеде тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сахна орны.<br>"Театр" жазуы; сахналық қойылымдарға қажет сахна макеттері (үйшік, ағаш, каша, т.б.), мүмкіндік болса, перделер), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлер қолға ұстайтын қажетті құрал-жабдықтар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, театрда қандай қойылымдар болатыны туралы суреттерді қарастырып, көрермендер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданылады, сонымен бірге педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде, балаларды (тұтынушыларды) тамақтану залына шақырылады. | қағаз материалы, байлауға жіптер, қайшы; хат, тапсырыс хат, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламсаптар, маркерлер, маркалар салынған таңбалауыштар, қарындаш желімдер, телефон, руль. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, поштаға экскурсияны ұйымдастыру мүмкін, немесе поштаның қызметі жайында суреттерді, бейнежазбаларды тамашалап, белгілі сюжеттер бойынша әңгімелеседі. Алдын-ала жұмысында педагог | | әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. | артистер арасында қандай айырмашылықтарды ң болғанын анықтайды. Қойылымның көрермендердің алдында әдемі өтуіне режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарықты беруші, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандардың орны туралы талқылайды. Балалар әрбір маманның сахна қойылымын дайындауда қандай әрекеттерді жасайтыны туралы шағын жаттығуларды алдын-ала жасауларына болады. Содан соң қалаған балалар белгілі рөлдерді атқаруға өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға әкеліп, соңында ""төлемді"" жасайды.<br>Балаларға ""даяшы"", ""мәзір"", ""тағам"" сияқты жаңа сөздерді айтқызады, балалар сол сөздерді пайдалану керек.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы | поштада еңбек ететін байланыс операторы, пошташы, байланысты атқарушы кезекші, экспедитор сияқты мамандардың жұмысын түсіндіреді.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Қалған балалар поштаға келіп, өз қалаулары бойынша ауыспалы заттардың бірін алып, оларды ресімдейді, қызметкерлерге береді.<br>Педагог ойын барысында балалардың атқаратын рөлдері бойынша қосымша сұрақтар қойып жатады, ойын | | | қалауларын білдіреді, орындарын алып жатады.<br>Артистерді біріктіру үшін, педагог алғашында режиссер міндетін өзіне алады, белгілі ертегінің сюжетін таңдайды.<br>Педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: сахна қойылымы көрермендерге қызықты болу үшін, тек артистер ғана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; ""рақмет"" пен ""өтінемін"" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану, адамның қоғамдық жерде ережелерді орындаудағы негізгі міндеті. | желісінің дамуын қамтамасыз етеді. Балалар сұрақтарға жауап бере жүріп, өз рөлдерінде жаңа қырларын танып жатады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар арасында байланыс үздіксіз және жылдам болуы үшін, пошта қызметкерлері көп еңбек етеді; пошта - қоғамдық орындарының бірі болып, бұнда сыпайылық ережелерін сақтау керек. | | | емес, көптеген мамандар жұмыс істейді; еңбекті қадірлеу керек; театр - мәдени орынның бірі, бұнда сыпайылық ережелерін ұстанады. |
| **Балалармен жеке жұмыс 17.10-17.30** | Артикуляциялық жаттығулар. | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Туған елдің | "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты. | Артикуляциялық жаттығулар. | Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан". Мақсаты. Балаларды қосу мен алудың қарапайым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков).<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br><br>Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін. | Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | | математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. Сипаттама.<br>Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді өзгерте аласыз. |
| **Серуенге дайындық 17.30-17.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюлерін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**17.50-18.00**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Сюжетті-рөлдік ойындар.<br>Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры.<br>Арт-терапиялық суреттер бояу. | | | | |
| **Балалардың үйге Қайтуы**<br>**18.00-18.30**<br>(ата-аналарға кеңес) | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайды балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйрету керек" ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасының салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері» атты сұрақ-жауап. |